

Журналистика – уақытты тоқтатар өнер

Журналистика – тарихты бүгінгі күнмен жазатын өнер. Кешегі репортаж – бүгінгі дерек, ертеңгі ұрпаққа мұра. Әрбір жазылған мақала, жасалған репортаж – белгілі бір дәуірдің тынысын бейнелейді.

Мәселен, тәуелсіздік алған жылдардағы мақалаларды бүгін қарап шықсақ, ол кездегі халықтың арманы мен үмітін сезінеміз. Бұл – журналистің қолтаңбасы. Ол тарихта қалатын еңбек. Сондықтан журналист өз жазбасына өте мұқият қарауы тиіс.

Бүгінгі журналистің қаламы – ертеңгі ұрпақ үшін құнды дерек көзі. Сол себепті әр сөз, әр сөйлем – дәл, шынайы және бейтарап болуы тиіс. Бүгін жазылған мақала – ертеңгі тарих парағы.

Сондықтан мен үшін журналистика – жай ғана мамандық емес, бұл – уақытты сөз арқылы тоқтататын шеберлік.

Құрманғалиұлы Нұртілек